

2023-2024 оку жылындағы 4 «А» сыйнып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмысына талдау

4-сыйныптағы тәрбие жұмысының мақсаты: тәрбиенің жаңа әдістерін қолдану арқылы өзін-өзі тани алатын, өзін-өзі басқара алатын, интеллектуалды дамыған, адамгершілігі мол, мәдениетті, отансүйгіш тұлға тәрбиелу.

4 «А»- сыйныбында 21 оқушы болды. Оның 14-і қыз, 7-еуі ұл. Оқу жылының қорытындысы бойынша сыйныпта 6 оқу озаты және 8 оқу екпіндісі бар.. Сыйныптың білім сапасы 62%. Оқушылардың жалпы білімі жақсы, сыйнып ұйымшыл, тұрмыс -жағдайлары жақсы отбасында тәрбиеленіп отыр.

2023-2024 оку жылының тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша жасалып, жоспарга сай барлық іс-шаралар өткізділді. Сыйнып белсенділері өздеріне тапсырылған қызметтерін тиянақты орындағы. Оқушылар мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Аудандық және мектепшілік байқауларға қатысып, жеңімпаз атанған оқушылар да болды. Сыйнып оқушылары «Дарын» Республикалық Ғылыми практикалық орталығы ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын конкурсының II дәрежелі дипломдарымен марапатталды, сертифиатталған оқушылар да болды.. Мектебімізде өткен «Күз кереметі» көрмесіне де, күз жәрменекесіне де сыйнып оқушылары белсенді түрде қатысты. Мектебімізде «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, сабактарға сыйнып ата-аналары қатысты.

Сонымен бірге «Бастауышым –бастамам, білім жолын бастаған» атты бастауыш сыйныптар әдіstemелік онкүндігі болып, жоспардағы жұмыстар бойынша да сыйнып оқушылары қатынасып, белсенділік танытты. «Бесік жыры» тақырыбында ашық сабак жоғары деңгейдегі сабактар қатарынан көрінді. Осы алталақта әртүрлі тақырыпта шаралардың бәрінен сыйнып оқушылары алдыңғы орындар қатарынан көрінді «Бастауыш сыйнып ұздігі-2023» атты интеллектуалды сайысқа сыйныбымыздан Әлімбай Раяна қатысып жүлделі бас жүлдені иеленді. «Мағжан оқулары» көркем сез оқу сайысынан және «Шебер қолдар байқауы» сайысынан да оқушылар жүлделі орындар алды.

«Тәуелсіздік мерекесіне, Жаңа жылдық «Жаңа жыл жарылқа!» атты мерекелік іс-шараларға сыйнып оқушылары белсенді түрде қатынасты.

Ақлан айында өткен «Дарын» Республикалық Ғылыми практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына сыйныбымыздан 6 оқушы қатысып, жүлделі 2-орынды және 3-орынды иеленді.

8-наурыз Халықаралық Әйелдер мерекесіне және 22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне байланысты сыйныбымызды мерекелік тәрбиелік шаралар да ұйымдастырылды.

I Республикалық «KidsСтарт» 1-4 сыйнып оқушыларына арналған пәндейк олимпиадасына сыйныптан 9 оқушы қатынасып, жүлделі I орынмен марапатталса,

1-4 сыйнып оқушылары арасында өткізілген «Smart оқушы» облыстық олимпиадасында да 6 оқушы қатынасып, жүлделі 1-орынмен марапатталды. Республикалық Абай оқулары конкурсына да қатынасқан екі оқушы да жүлделі орынмен марапатталды. Қазақстандағы көп ұлттар достығын ныгайтуды насиҳаттау мақсатында «Ақпаз, қара, сарымыз!», 9-

мамыр Ұлы Женіс мерекесіне орай ұйымдастырылған «Жаса ,Ұлы Женіс !» атты сыныптан тыс ұйымдастырылған тәрбиелік шараларда оқушы белсенділігі жоғары болды. Барлық мектептерде оку жылышынң аяқталуына арналған «Білімім –Отаным» атты бірыңғай сынып сағаты өткізілуіне байланысты біздің сыныпта да сынып сағаты ұйымдастырылып, оку жылышын оқушылармен бірге қорытындыладық. Оку жылышынң соңында "Бастауышым-балбұлагым" атты бастауышпен қоштасу кешінде оқушылар белсенділікпен өткізді. Жыл бойы жоспарланған тәрбиелік шаралар өз уақытында жауапкершілікпен өткізілді.

Сонымен қатар, жыл бойына ата-аналармен де жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар жиналышы өткізіліп, әр түрлі тақырыптар ортага салынды. Сөзімді аяқтай келе, 4- сынып бітірген оқушыларым жоғарғы буыннада келесі оку жылышында бұдан да көп жетістіктерге жетеді деген сенім білдіремін.

Сынып жетекшісі :  Э.Р.Молдиман

CHIC 100

019-020

-FUTURE FILM -FANTASY -150 200 -EXP.

001


CHIC 100%



— 002



— 003



— 004